

**ОҚУ / БІЛІМ**  
ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ  
МАРАПАТТАЛДЫ

02

**ҒЫЛЫМ / БІЛІМ**  
УНИВЕРСИТЕТІМІЗ  
АЛДЫҒЫ ҚАТАРДА

02

**“BIR DEVRIN AYNASI ABAY  
KUNANBAY VE KARA SÖZLER”  
KITABI YAYIMLANDI**

06

**СЫРЛЫ СҰХБАТ**  
ҚАРА ӨЛЕҢНЕН ШАБЫТ  
АЛҒАҢ САЗГЕР

07

## БРИФ-ХАБАР

### ЖАҢАША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОЙЛАУ- ЕЛБАСЫ ФЕНОМЕНІНІҢ БІР ҚЫРЫ

Жоғарыдағы тақырыпта университетіміздің профессорлары Оразбек НҮСҚАБАЕВ пен Әріпхан САДЫҚОВТЫҢ республикамыздың бас газеті «Егемен Қазақстанның» 15 желтоқсандағы №242 (29223) нөмірінде мақаласы жарияланды. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы халыққа Жолдауында нарықтық экономикаға тән жаңаша экономикалық ойлар мен көзқарастар берілген мақаланы 3 -беттен оқи отырыңыздар.

> 03

### УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІ – PHD ДОКТОРЫ АТАНДЫ

Университет түлегі, біздің мақтаншымыз - Жаңдулла Накиповты докторлық диссертацияны сәтті қорғауымен құттықтаймыз!

> 02

### YENI YIL MESAJI

2017 yılını artık geride bırakıyor; yeni umutlarla, yeni heyecanlarla, hep birlikte yeni bir yıla hazırlanıyoruz.

Öncelikle, 2018 yılının, ülkelerimiz ve tüm insanlık için hayırlı bir yıl olmasını; başta Kazakistan ve Türkiye olmak üzere ve Türk dünyasında ve dünyada, barışa, dostluğa, dayanışmaya vesile teşkil etmesini Cenab-ı Allah'tan niyaz ediyorum. Yeni yılın, önceliklerden çok daha bereketli ve huzurlu, sağlıklı, afiyet içinde geçmesi; güzellikleriyle unutulamayacak bir yıl olması, gönülден temennimizdir.

> 06

### ЖҰМАҚ ТӨРІ СЕКІЛДІ ЖАНҒА ЖАҚҚАН

2017 жылғы желтоқсан айының 1-5 жұлдызы аралығында Әзірбайжанның астанасы Баку қаласында Түркі жас ақын- жазушыларының әлемдік бірлестігінің кезекті фестивалі өтті. Осы фестивалде Филология факультеті, түрік филологиясының оқытушысы, ф.ғ.к Гүлназ Файзулланың түрікше аудармасынан, әзірбайжан тілінде жарық көрген «Жаңа қазақ поэзиясының антологиясы» кітабының тұсауы кесілді.

> 08

## ТӨРЛЕТ, ТӨБЕТ ЖЫЛЫ!



>> ЖАҢА ЖЫЛ

### БАЛАЛАР ҚҰАНҒАН КҮН

26-желтоқсан күні университет профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің балалары мен немерелері үшін жаңа жылдық шырша ұйымдастырылды.

Мәдениет Орталығының үлкен залында өткен жаңа жылдық мерекедің бұлдіршіндеріміз үшін Кәсіподақ ұйымы тарапынан сыйлықтар тарту етілді. Балдырғандар Түркістан сазды-драма театры әртістерінің арнайы дайындаған

«Аяз атаның сиқырлы асаяты» атты ертегісін тамашалады. Үлкен экраннан көрсетілген мультфильмдер балалардың көңілінен шықты. Балалар фойедегі үлкен шыршаны тамашалап, Аяз атамен, Қарша қызбен, «жыл мезгілі жануарларымен» суретке түсіп, маз-мәйрам болысты. Жүзіне күлкі үйірілген балапандардың қуанышты жүздері бал-бұл жанды.

ЯУ-ақпарат



## АҚПАРАТ / ХАБАР

Түркология тарланы, профессор Құлбек  
Ергөбек 65 жаста!

27-желтоқсан күні Ғылыми кітапхана конференц-залында Түркі тілдес халықтар кітапханасының және Ғылыми кітапхана жанынан құрылған «Руханият» клубының ұйымдастыруымен профессор, әдебиет сыншысы, ғалым Құлбек Ергөбектің 65 жасқа толуына орай «Атымды адам қойған соң...» атты әдеби-шығармашылық кеш өтті. Бұл керемет әдеби кеш профессор Қ.Ергөбектің мерейтойына орай облыс көлемінде өткен тамаша кештің жалғасы іспеттес болды. Әдеби кешті сөз сарасын білетін журналистика мамандығының 4-курс студенті Үмітбек Бағдат жүргізді.

Кеш шымылдығы ғалым туралы бейнероликпен түріліп, «Сабина» балабақшасының талантты бүлдіршіндерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Түркістан қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Ибрагимов мерейтой иесіне қала әкімі Т.Мұсаевтың жолдаған құттықтау хатын тапсырып, шапан кигізді. Одан әрі ғалымның үзеңгілес әріптестері, университет профессорлары С.Садықов, Ж.Камалқызы, Б.Сердәлі, С.Елеуов, Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор Т.Раимбердиев құттықтау сөздерін жеткізіп, профессор Қ.Ергөбектің әдебиетке сіңірген еңбегі жайлы, жақсы қасиеттері туралы айтты.

Кешке жиналған ғалымның оқырмандары, студенттер баяндама оқып, сұрақтарына тұшымды жауап алды.

Академик З.Қабдолов: «Сөз сабақтауы сүйкімді, зерттеулері әрі нақты, әрі затты, теориялық түйіндеулері ден қойғызарлық» деп баға берген түркітану тарланы Қ.Ергөбек расында шоқтығы биік ғалым. Түркітану ғылымын дамытуға, бүкіл түркі дүниесінің ортақ қазынасы «Бейсенбай Кенжебайұлының түркітану мұражайының» негізін қалап, «Түркі тілдес халықтардың кітапханасын» жасақтағаны бір төбе, үлкен мақтаныш.

Профессор Қ.Ергөбек - Парасат орденінің иегері, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендияның иегері, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының, халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі.

Түркология ғылымының майталман ғалымдары арасында түркі дүниесіне танымал, керемет сөз зергері, көрнекті әдебиет зерттеушісі, сын сәйгүлігі деп бағаланған ғалымға лайықты құрмет көрсетілді.

Ақпарат орталығы

## Университет түлегі – PhD докторы атанды

26-желтоқсан күні «Астана медицина университеті» АҚ жанындағы «6Д110200-Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңесте философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткер докторант, университетіміздің үздік түлегі Накипов Жандулла Балғабайұлы «Университеттік клиника үлгісінің негіздемесі, қызмет етудің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық негіздері» тақырыбында ғылыми жұмысын сәтті қорғап шықты.

Накипов Жандулла 1999 жылы медицина факультетінің «Емдеу ісі» мамандығын үздік дипломмен бітіріп, Шымкент қаласында «Хирургия» мамандығы бойынша интернатурада, 2001–2005ж. аралығында Анкара қаласы «Хаджеттепе» университетінің клиникасында «Нейрохирургия» мамандығы бойынша резидентурада, 2005-2007ж.

ХҚТУ-нің «Жалпы хирургия» кафедрасында оқытушы, 2007-2011 жылдары Астана қаласындағы «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» АҚ-ның балалар нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі, «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ-ның балалар нейрохирургиясы бөлімінің аға ординаторы, ал 2011-2014 жылдары ХҚТУ-нің клиникасының бас дәрігері қызметін атқарды.

2014-2017 жылдары «Астана медициналық университеті» АҚ-ның «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ғылыми педагогикалық докторантураға түсіп, ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді.

Университет түлегі, біздің мақтанышымыз - Накипов Жандулла- ны докторлық диссертацияны сәтті қорғауымен құттықтаймыз!

Ақпарат орталығы

» БӘРЕКЕЛДІ!

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА



Университетіміз әлемдегі ең «жасыл», ең «таза» университеттер қатарынан көрінді. Оқу ордамыз жыл сайын сыртқы үш рейтингке тіркеліп қатысады: 1) «QS» әлемдік университеттер рейтингі (QS University Rankings: Emerging Europe & Central Asia (EECA)); 2) «Гринметрик» әлемдік экологиялық рейтингі (UI GreenMetric World University Ranking); 3) «ТНЕ» — әлем университеттерінің Таймс жоғары білім рейтингі (Times Higher Education World University Rankings).

Жақында ғана әлемдік экологиялық рейтинг нәтижесі белгілі болды. «Гринметрик» — университеттердің экологиялық инфрақұрылымын бағалайтын жалғыз рейтинг. Был АҚШ, Жапония, Италия, Жаңа Зеландия, Ресей, Түркия, Қазақстан сияқты 76 елдің ең «таза» ЖОО-ры тізіміне 619 жоғарғы оқу орны ілінді.

Бұл рейтингке ілінгендер қатарында АҚШ-ның 60 ЖОО, Англияның 26, Германияның 11, Францияның 6, Түркияның 26, Ресейдің 30, Қырғыз Республикасының 1 (Манас университеті), Қазақстанның 5 ЖОО (ҚазҰУ, АтырауМУ, ХҚТУ, ҚазҰАУ, Нархоз университеті) бар.

Бұл ең «жасыл» ЖОО-ры рейтингінде

біздің университетіміз 2016 жылымен салыстырғанда 23 позицияға алға жылжып, 387-ші орынға көтерілді.

Университетіміз бұл рейтингке 2016 жылы алғаш рет қатысып, 516 ЖОО арасынан 410-шы орынды иеленген болатын.

Бұл рейтингті жасау кезінде назарға алынған критерийлер:

1. ЖОО инфрақұрылымы және қоршаған орта (24 %) Setting and Infrastructure (SI)
2. Энергияны тиімді пайдалану және климатты өзгертуге ықпал ету (21 %) Energy and Climate Change (EC)
3. Қалдықтарды өңдеу (15 %) Waste (WS).
4. Су ресурстарын тиімді пайдалану (10%) Water (WR)
5. Транспорттық саясат (21%) Transportation (TR)
6. Экологиялық білім беру (9 %) Education (ED)

Әлемдік университеттер рейтингінде үздіктер сапынан көрінуімізге орай әріптестерімізді, университет ұжымын құттықтаймыз!

Аккредитация және рейтинг орталығы

## ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Нұрбол НЫШАНБАЙ  
студент

Жуырда Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы мақсаттарды жүзеге асыру бағытында Қазақстандағы білім беру қызметкерлерінің арасынан «Қазақстандағы 100 жаңа есімді» анықтау мақсатында «Bilim orkeniety» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен, Астана қалалық білім басқармасы мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қолдауымен «Жылдың үздік ұстазы» байқауы өтті.

Байқау шарты бойынша әр үміткер алдын-ала Елбасының бағдарламалық

мақаласын кеңінен насихаттауды жүзеге асыруды көздейтін инновациялық жоба ұсынуы тиіс болатын. Осы жобадан үздік шыққан үміткерлер Астанаға шақырылып, «Bilim orkeniety» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығында 2-ші турға қатысты. Онда олар санаулы уақыт ішінде эссе жазып, презентациялық жобаларын қорғады.

Міне, еліміз бойынша 300-ден астам білім беру қызметкерлері қатысқан осынау байқауда университетіміздің 5 оқытушысы: профессор Б.Сердәлі, доценттер Е.Төлегенов, Ж.Исаева, Г.Жораева, Г.Исаев жеңімпаз танылып, «Bilim orkeniety» ұлттық-инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының I дәрежелі дипломымен, «Жылдың үздік ұстазы» төс белгісімен, «100 жаңа есім» куәлігімен марапатталды.



Ясауи университеті  
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ УНИ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция мекенжайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов, 29

Тел: 8 (72533) 6-38-13 (1020)

e-mail a.yassau@mail.ru

Қоғаммен байланыс бөлімі:  
Бекжігіт СЕРДӘЛІ  
aksari@mail.ru

Шығарушы редактор:  
Жанар БЕЙСЕНБАЕВА  
zhanar.beis\_88@mail.ru

Дизайнер:  
Асқат КЕҢЕС  
askatken2002@mail.ru

Тілшілер:  
Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Ғалымжан ТӘЖІБАЕВ  
galimcan@mail.ru

Гүлдана ҚАРАБЕКОВА  
guleke9292@mail.ru

Фототіші:  
Елнұр СЕРДӘЛІ  
eserdali@mail.ru

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машиналық беттен аспауы тиіс. Автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды.

Газетті есепке қою туралы  
№11180-Г куәлікті 2010 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген

«М-PRESS» ЖШС баспа үйінде басылды  
Шымкент қаласы, Байтұрсынұев, 18

Тарамамы: 1000 дана

Тапсырыс нөмірі:

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы халыққа Жолдауында нарықтық экономикаға тән жаңаша экономикалық ойлауға икемделу қажеттілігіне айрықша мән берілген.

**Оразбек НҰСҚАБАЕВ**  
соц.ғ.д., профессор,  
**Әріпхан САДЫҚОВ**  
э.ғ.д., профессор

Жаңаша экономикалық ойлау – қазіргі заманғы өндірістік құрылымдардың жасақталуына, сөйтіп аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы мен сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсынуға ықпал ете алатын экономикалық сананың қалыптасуы. Іскерлік – ауқымды, жеделдікті талап ететін бағдарламалық жобаны орындауға көпшілікті жұмылдыратын қасиет.



## Жаңаша экономикалық ойлау – Елбасы феноменінің бір қыры

Прагматизм, үнемшілдік – жобаны орындауға жұмсалатын қаражаттың шешуші факторлары болып табылып, жұмсалған шығынның әрбір теңгесі ертеңгі күні табыс түсіретіндей етіп есептелуінде байқалатын алғырлық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан алдында «боламыз ба, жоқ әлде бордай тозамыз ба» деген дилемма тұрды. Ел «жабайы капитализмге» қарай бет алып бара жатты. Бұрынғы шаруашылық байланыстар үзіліп қалғандықтан, өндіріс ошақтары тұралады. Халықтың күнкөріс көзі азайып, күнделікті ас-ауқатқа қажетті кірістен айырылды. Міне, осы бір халық есеңгіреген өлара шақта Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты Жолдауы жарияланды. Онда егемен елдің мемлекеттілігін нығайтуды саяси және құқықтық тұрғыдан алғы-шарттық негіздеулермен қатар, оны өркендетіп, гүлдендірудің де экономикалық жобалық бағдарламалары жасалды. Меншіктік қатынастарды реформалауға және толыққанды жүйелі нарықтық қатынастарға көшпейінше ел экономикасын көтерудің мүмкін еместігін сезінген Елбасы экономиканы, елдегі әлеуметтік ахуалды оңалту жұмыстарын бастады. Ескі экономикалық құрылымды түбегейлі өзгертті. Шетелдерден инвестиция тартты. Пәрменді түрде жүзеге асырылған жекешелендіру өз жемісін берді. Ішкі нарыққа трансұлттық компаниялар қыруар қаржы құйды. Сөйтіп отандық өнеркәсіпке, шағын және орта бизнеске жан біте бастады. Қазақстан ТМД елдері ішінде бірінші болып орасан зор инвестиция тарта алды. Тұралап жатқан өндіріс ошақтарына жан бітті. Ел кәдімгідей экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізді. Осылайша өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Елбасы Н.Назарбаевтың көрегендікпен елдің өсіп өркендеуінің жолын зерделеп, нақты көрсетіп беріп қана қоймай, оны іске асыруының нәтижесінде Қазақстан өз экономикасын нарықтық қатынастар талаптарына сәйкестендіріп құрудың бірінші кезеңін табысты аяқтады. Біртіндеп нарықтық қатынастарға өтудің өтпелі кезеңінде орын алған келеңсіздіктерден арылды. Мысалы, көлеңкелі экономиканың қарқынын барынша төмендетті. Салық түсімінің талан-таражға түсуін ауыздықтап, бюджетке

құйылатын қаражат көзі молайды. Мемлекеттің экономика саласында әлсіреп қалған беделін барынша көтеріп, елдің табиғи ресурстарын бақылау қолға алынды. Ұлттық нарықтағы импорттық тауарлардың үлес салмағы кеміді. Елді нарықтық қатынастар талаптарына сәйкестендіріп дамытудың келесі – екінші кезеңіне Қазақстанның өзіндік ұлттық экономикасын қалыптастыруға алғашқы қадамдар жасалды. Нарықтық реформалар одан әрі жетілдіріле түсті. Экономикалық өсу мен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын нығайтуға тікелей бағдарланған өзгерістер жүзеге асырылды. Ырықтандыру, құрылымдарды қайта құру, өндіріс ошақтарын техникалық және жаңа технологиялық желілік құрылымдармен жабдықтау шын-дап қолға алынды. Энергия тасымалдаудың шарықтап кеткен бағасы төмендетілді, макроэкономикалық саясат жүйелендірілді. Мұнай бағасының көтерілуіне орай Ұлттық қорға қомақты қаржы түсіп, алтын-валюта резерві молай түсті. 2006 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қордың активтері 14,1 млрд долларды, ал алтын-валюта резервтерінің көлемі 33 млрд АҚШ долларын құрады. Экономиканың жер, су, орман сынды табиғи көздерін қорғайтын бірқатар заңнамалық актілер қабылданды. Жалпы, елді нарықтық қатынастар талаптарына сәйкестендіре дамытудың екінші кезеңінде Қазақстан өз тарихындағы ең бір қарқынды өркендеу кезеңін өткізді. Экономикалық өсім 10 пайызға дейін көтерілді. 2002-2007 жылдары аралығында Қазақстан саяси-экономикалық және әлеуметтік салаларды жаңғыртып, жаңартуды жан-жақты ойластырып кешенді жүргізген әрекеттерінің нәтижесінде ұзақ уақыт бойы әлемде қарқынды дамып келе жатқан елдердің алдыңғы қатарынан көрінді. Осы жылдары мемлекетті тұтастай дамытудың «Назарбаевтық нұсқасы» деп аталған қанатты сөзі әлем елдері басшыларының үлкен жиындарында құрметпен айтыла бастады. 2007 жылғы тамызда АҚШ-тың ипотекалық кредиттеу жүйесінің күйреуі туындатқан дағдарыс басталды. Әлемді түгелге жуық шарпыған экономикалық дағдарыс зардаптарынан шығудың амалы ойластырылды. 2007 жылғы қарашада бұл дағдарыстың алдын алу бағдарламасы жасақталып, мемлекеттік тұрақтандыру жоспары түзілді. Дағдарысты тоқтатуға

мемлекет тарапынан 2 трлн 700 млрд теңге бөлінді. Ұлттық өндіріс ошақтарын жаңғырту, оларды жаңа техникалық құрылғылармен жабдықтау жұмыстары жалғаса берді. Оған жұмсалатын бір жылдық қаражат сомасы еселеніп 4 млрд долларға жетті. Ұлттық қорда жинақталған қаражат есебінен еңбекақы мен зейнетақы уақытында төленіп тұрды. Атырау мұнай-химия кешенінің құрылысы жалғасты. 2009 жылы «Мойнақ» ГЭС-інің құрылысы аяқталды. «Екібастұз-1» ГРЭС-і мен «Екібастұз-2» ГРЭС-і кеңейтілді және жаңғыртылды. «Балқаш» ЖЭС-інің құрылысы басталды. Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ магистралды газ құбырын салуға дайындық басталды. Батыс Еуропа-Батыс Қытай транзиттік автокөлік артериясы қайта жаңартылды. Электровоз, жолаушы және жүк вагондарын жасау, жол битумының, химия өнеркәсібі өндіріс ошақтары құрылып, жұмыс істей бастады. Тәуелсіздікке ие болғанына небәрі 26 жыл толғандығына қарамастан Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, табысқа жетудің қомақты тәжірибесі бар, саяси тұрақты, халқының лайықты молшылықта өмір сүруіне қол жеткізген, қуатты мемлекет ретінде қалыптасты. Елде ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жүзеге асты. Бүгінгі таңда Елбасының стратегиялық ойлау қабілетінің жемісіндей болып Қазақстанда бұрындары болмаған мүлде жаңа жоғары технологиялы салалар: мұнай-химия, автомобиль өнеркәсібі, темір жол машина жасау, IT-технологиялар, ғарыштық-спутниктік өндірісі құрылып, жемісті жұмыс істеуде. Соңғы 4 жыл ішінде 630 индустриялық жоба іске қосылды. «Бизнестің жол картасы-2020», «Агробизнес-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020», «Нұрлы жол» бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізі, Транскаспий халықаралық көлік маршруты секілді бірқатар стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асты. Мұнымен қатар соңғы төрт жылда 9000 балабақша, 400-ден астам орта мектеп, 600-ден астам денсаулық сақтау нысандары іске қосылды. Егемендікке қол жеткізгелі қазақстандықтардың айлық жалақысы 32 есе, жылдық табысы 15 есе өсті. Таяу жылдарда жан басына шаққанда ІЖӨ көлемін 4,5 есеге, шамалап айтқанда 60 мың долларға дейін өсіру

көздеуде. Үшінші жаңғыру қазақ мемлекетінің жан-жақты әрі тұрақты дамуына, сондай-ақ Елбасы ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға саяси, әлеуметтік және экономикалық тұғырлық негіз қалайды. Себебі Елбасы тапсырмалары Қазақстанның өркендеуіне қызмет етеді. Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын халқымыз бақуатты өмір сүруге жасалған нақты қадам ретінде қабылдады. Бүгінде әр мемлекет өз әлеуетіне қарай әртүрлі экономикалық қуаттану ұсынымдарын дамытуды қолға алған. Себебі бүгінгі әлемдік макроэкономикалық және геосаяси құбылмалы тіршілікте өмір жылдам өзгеруде. Сондықтан ХХІ ғасырдың басындағы экономикалық қуаттылық, бәсекеестік адам өмірін жақсартуға қажетті өнім шығарып, оны экспорттауға, әлемдік нарықта өтімді саудалауға бағдарланған. Демек, өндіріс күштерді дамыту ең алдымен, өндірушілердің қызметі мен дағдыларын қазіргі заманғы өндіріс талаптарына саймашықтандыруды, жаңа технологиялық құрылғылар мен желілерді өндіріске өндіруді, өңірлердегі өндіріс ошақтарын жаңғыртуды, цифрлы технологиялар мен жасыл экономикаға өтуді талап етеді. Бұлар орындалмайынша экспортқа бағдарланған экономиканы қалыптастырып, өнімнің жаңа түрлерін шығару мүмкін емес. Ал өнімнің жаңа үлгілерін шығару үшін өндірістің елде бұрыннан бар ошақтарының оперативтік тиімділіктерін барынша арттыру керек. Ресурстарды пайдалану, өнімдерді тасымалдау шығындарын азайту қажет. Бұл – бірінші талап. Екінші талап – өсім, пайда түсіретін экспорттық өнімдерді ғаламдық сауда алаңына шығарып өтімді саудалаудың қырсырын меңгеру қажеттілігі. Ол үшін Қазақстан халықаралық сауда арасында өзінің лайықты орнын таба білуі және сол ортадағы бәсекеде артықшылыққа ие болуы әрі ұлттық тауарды жарнамалап, өткізуде белсенді таныта білуі керек. Сондай-ақ әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарында орнығу, Елбасы айтқандай, индустрияландыру бағдарламасы аясында өндірісті инновациялық-индустриялық дамытуға, инвестициялар тартуға баса назар аударумен қатар іскерлік мәдениетінің деңгейін көтере түсіп, кәсіпкерлікті дамытуды да талап етеді. Себебі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жеке кәсіпкерлердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіпкерлік іс-әрекеттері ерекше рөл ойнайды. Бүгінгі таңда еліміздегі меншік иелері мен кәсіпкерлердің өсіп келе жатқан жаңа буыны табысты жұмыс атқаруда. Республика бойынша 1 миллион 271 мың кәсіпкерлік құрылымның қалыптасқаны осыны айғақтайды. Олар ұлттық байлықтың төрттен бірін өндіреді. Жыл сайын 2500-ден аса өнім түрі 119 елге экспортталады. Экспорттық сауда түсімділігі қазірдің өзінде 46 миллиард долларды құрайды. Біз бүгінгі таңда жаһандық астық қорымыз. Бүгіндері еліміз бұрынғы шығарылмаған өнім түрлерін әлемдік рынокта саудалауда. Осы айтылған игіліктердің бастауында Елбасы Н.Назарбаевтың тұрғаны анық. Президенттің сарабал саясаты мен біліктілігінің, көреген басшылығының нәтижесінде әрбір қазақстандық берекелі, алаңсыз өмір сүруде.

## GAZETTİN' TU'RIK TILINDEGI QOSYMS'ASY



## UNESCO 2016-2017 Ahmet Yesevi Sezonu faaliyetleri değerlendirme toplantısı yapıldı

Ahmet Yesevi Üniversitesi tarafından UNESCO 2016-2017 Hoca Ahmet Yesevi Sezonu'nda gerçekleştirilen faaliyetler, düzenlenen basın toplantısında değerlendirildi.

Ahmet Yesevi Üniversitenin Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Ankara'da bir restoranda düzenlenen toplantıda yaptığı konuşmada, geçen iki yılda yapılan 410 faaliyeti, birkaç başlık altında topladıklarını söyledi.

Birçok proje gerçekleştirdiklerini, bunların içinde en önemli gördükleri projenin, Ahmet Yesevi Kitaplığı Projesi olduğunu belirten Yıldız, Türkiye'de Hoca Ahmet Yesevi adını taşıyan okullara TİKA'nın desteğiyle kitaplık yaptırdıklarını ve konferanslar düzenlendiğini ifade etti.

İstanbul Türk Dünyası Kültür Mahallesi'nde 21 Mart 2016'da Hoca Ahmet Yesevi Otağı kurulduğunu anımsatan Yıldız, şunları kaydetti:

"PTT ile 'Hoca Ahmet Yesevi'nin Ölümünün 850. Yılı dönümü' konulu Anma Pulu ve Zarfı bastırıldı. Darphane ve Damga Matbaası Genel Müdürlüğü ile Gümüş Hatıra Para bastırıldı. Yaptığımız faaliyetlerden duygusal yönü en etkili olan, 'Engelsiz Divan-ı Hikmet' kitabıydı. Ahmet Yesevi'nin hikmetlerini bizler okuduğumuz zaman anlayabiliyoruz ama gönül gözüyle gören kardeşlerimiz ve can kulağıyla işiten kardeşlerimiz için Divan-ı Hikmet'i sesli betimlemeli ve işaret dili olarak hazırladık. Diğer faaliyetler bir tarafa o kardeşlerimize Engelsiz Divan-ı Hikmet'i hediye etmek bizleri çok mutlu etti."

Yıldız, Divan-ı Hikmet'i, günümüz Türkçesine sadeleştirip Çağatay Türkçesi orijinaliyle yayınladıklarını, bu eserlerin üniversitenin internet sitesinden ücretsiz indirilebileceğini söyledi.

Çocuklar için de Yesevi'nin hayatını anlatan hikâye kitabı yayınladıklarına işaret eden Yıldız, aynı zamanda iki bölümlük

oyun kitabı yayınladıklarını dile getirdi.

Fuad Köprülü'nün "Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar" kitabının 2018 yılında Latin alfabesi ile basılacağını aktaran Yıldız, "2016 yılında bağımsızlıklarının 25. yılında Türk Cumhuriyetleri onuruna, Uluslararası Türk Akademisi ve Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanlığının destekleriyle hazırlanan 'Tehlikedeki Türk Dilleri' kitabı 4 cilt olarak yayımlandı. Türkiye'de 26 il ve 20 üniversite, yurt dışında 8 ülke ve 14 şehirde 'Ahmet Yesevi'yi Anlamak' adlı konferanslar düzenlendi." ifadelerini kullandı.

Konferansların yanı sıra beste yarışmasının da gerçekleştirildiğini belirten Yıldız, "Mütevelli Heyet Başkanlığı ve TİKA'nın katkılarıyla 'Hoca Ahmet Yesevi' konulu bir beste yarışması düzenlendi. Hoca Ahmet Yesevi Beste Yarışmasında dereceye giren eserler 'Hoca Ahmet Yesevi'den Esintiler' adlı albümde toplandığını" ifade etti.

Hoca Ahmet Yesevi'nin mesajlarına toplumun ihtiyacının olduğunu ifade eden Yıldız, şöyle devam etti: "Birçok şehrimizde faaliyetler duyuluyor. Okullarımız bizden kitaplar istiyor. Konferanslara davet ediyorlar. Çocuklar için hazırlanan kitapları istiyorlar. Birçok şehrimizde Divan-ı Hikmet okumaları başladı. Samsun'da geçen yıl 700 kişi Divan-ı Hikmet okuması yaptı. Bu sene de Kredi Yurtlar Kurumunun öncülüğünde üniversitelerde okuyan gençler okumalar yapıyor. Ben geriye dönüşlerin çok iyi olduğuna inanıyorum. Toplumun buna çok ihtiyacı var. İbni Rüşd diyor ki, 'Yumurtayı dıştan kırduğunuz zaman hayat son bulur. İçten kırduğunuz zaman hayat başlar.' Hayatın başlayabilmesi için yumurtayı içten kırmamız gerekiyor. İçten değişiklik yapmamız gerekiyor. Büyüklerimiz mesajlarına toplumun çok ihtiyacı var. Özgürüye karşımadaki kişiyi ötekileştirmemeye çok ihtiyacımız var. Geldiğimiz noktada dünyanın da buna çok ihtiyacı var."

## "Bir Devrin Aynası Abay Kunanbay ve Kara Sözler" kitabı yayımlandı

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı tarafından Doç. Dr. Ekrem Ayan'ın kaleme aldığı "Bir Devrin Aynası Abay Kunanbay ve Kara Sözler" başlıklı eser yayımlandı.

XIX. yüzyılda ilk örnekleri ortaya çıkmaya başlayan Kazak yazılı edebiyatının kurucusu sayılan Abay Kunanbay modern Kazak edebiyatının en önemli temsilcisidir. Hem edebiyat hem sosyal hayatla ilgili yenilikçi düşünceleriyle kendinden sonraki Kazak aydınlarının örnek aldığı bir kişi olmuştur. Üslup ve konu bakımından pek çok yenilik getiren Abay'ın eserleri Kazak edebiyatının klasikleri arasına girmiştir. Sovyetler Birliği devrinde birçok yazar ve şairin eserleri yasaklandığı halde Abay yasaklamanın dışında

tutulmuş, bu sayede XX. yüzyıl Kazak edebiyatında önemli bir yere sahip olarak hakkında en çok araştırma yapılan edebiyatçıları arasına girmiştir.

Kazak halkı için millî bir simge haline gelen Abay'la ilgili çalışmalar Kazakistan'ın bağımsızlığına kavuşmasından sonra da yoğun biçimde devam etmiştir. Özellikle doğumunun 150. yıl dönümü münasebetiyle UNESCO'nun 1995 yılını Abay yılı olarak ilân etmesi hem Kazakistan'da hem Türkiye'de Abay hakkındaki çalışmalara hız kazandırmıştır.

Bu eserde Abay'ın Kara Sözleri tematik olarak din ve ahlak, eğitim, dostluk ve sevgi, bilim, hayatın anlamı ve Kazak halkı başlıklar altında incelenmiştir.

## Kazakistan Cumhuriyeti'nin 16 Aralık Bağımsızlık Günü Ahmet Yesevi Üniversitesinde Törenlerle Kutlandı

Kazakistan Cumhuriyeti'nin bağımsızlığının 26. Yılı dönümü Ahmet Yesevi Üniversitesinde coşku ile kutlandı. Tören, 15 Aralık Cuma günü Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.

Kültür Merkezi Tiyatro ve Sinema salonunda Ulusal marşların okunmasının ardından, törenin açılış konuşmasını yapan Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, "Kazakistan'ın bağımsızlığının önemini ve Kazak halkının egemenliğinin değerini anlatan" uzun bir konuşma yaptı. Abdibekov, konuşmasının bir bölümünde "Ahmet Yesevi Üniversitesinin Kazakistan'ın sembolü olan kuruluşlardan biri olduğunu ve Kazakistan yüksek öğrenimi açısından uluslararası

değer taşıdığını belirtti. Ayrıca, Üniversitemizin dünya akademik başarı sıralamasında üst seviyelere geldiğini ve bu başarının sağlanmasında Türkiye'nin çok büyük katkı ve desteklerinin bulunduğunu" özellikle vurguladı.

Törenin açılış konuşmasını sürdüren Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Kazakistan'ın Bağımsızlık Günü'nü kutlayarak, "bizler Türkiye ve Türkler olarak sizin Bağımsızlık Gününüzde kendi bağımsızlığımız kadar sevindiğimizi, kıvanç duyduğumuzu belirtmek isterim" diyerek katılımcılara hitap etti. Kutalmış, konuşmasında, "bugün başkent olan ama aynı zamanda Kazakistan'ın bağımsızlık, gelişmişlik ve dünya barışının simgesi olan Astana'nın, aslında 20 yıllık değil, yaklaşık 2000 yıllık tarihi geçmişin sembolü ve belgesi olduğunu vurgulayarak, birkaç yüzyıl öncesine kadar Astana / Akmola civarında bulunan Bozok Şehri'nin Kazakistan'ın tarihi ve medeni geçmişinin canlı temeli olduğunu ve bu büyük ülkenin geleceğinin parlak ve her alanda zengin olacağını" ifade etti. Kutalmış, "Türk-Kazak dostluğunun baki olmasını, Kazakistan'ın insanlık var olduğu müddetçe bağımsız kalmasını, barış içinde müreffeh bir hayat sürmesini" temenni ederek sözlerini sonlandırdı.

Açılış konuşmalarının tamamlanmasından sonra Ahmet Yesevi Üniversitesinde üstün başarı gösteren akademisyen ve personellere teşekkür belgesi ile üstün hizmet madalyası verildi. Ödül takdiminin akabinde, Üniversitemiz Eş Öğrenci Konseyi'nin ortaklaşa hazırladıkları video gösteriminde dünyanın değişik üniversitelerinden öğrenciler ile Türk yetkililer Kazakistan'ın Bağımsızlık Günü'nü kutladılar.

Tören, Ahmet Yesevi Üniversitesi bünyesindeki sanat topluluğunun muhteşem konser ve tiyatro gösterileri ile sona erdi.



## Yeni Yıl Mesajı

2017 yılını artık geride bırakıyor, yeni umutlarla, yeni heyecanlarla, hep birlikte yeni bir yıla hazırlanıyoruz.

Öncelikle, 2018 yılının, ülkelerimiz ve tüm insanlık için hayırlı bir yıl olmasını; başta Kazakistan ve Türkiye olmak üzere ve Türk dünyasında ve dünyada, barışa, dostluğa, dayanışmaya vesile teşkil etmesini Cenab-ı Allah'tan niyaz ediyorum. Yeni yılın, öncekilerden çok daha bereketli ve huzurlu, sağlık, afiyet içinde geçmesi; güzellikleriyle unutulamayacak bir yıl olması, gönülden temennimizdir.

Ahmet Yesevi Üniversitesi ailesinin bireyleri olarak, ülkelerimizin gelişim kalkınmasına katkı sunmak amacıyla yoğun bir gayret ve çaba ile çalışıp, 2017 yılını geride bıraktık. Akademik, kültürel ve sanatsal alanlarda göstermiş olduğu başarılarla Kazakistan'da kalitesini her geçen gün artıran üniversitemizin, 2018 yılında çok daha başarılı bir yıl geçireceğine olan inancım sonsuzdur. Bu anlamda 2017 yılı geleceğe ilişkin umutlarımızı artıran bir yıl oldu.

Bu duygular ışığında yeni umutlarla karşıladığımız 2018 yılının, hedeflerimize ulaşmada yeni bir fırsat olması için var gücümüzle çabalayarak, başarı grafiğimizi en üst seviyelere çıkaracağız. Başarılarla ve örnek projelerle birbirinden önemli işlere imza atacağımız yeni bir yıl olmasını en içten dileklerimizle temenni ediyorum.

Tüm Ahmet Yesevi Üniversitesi ailesinin 2018 yılını en içten dileklerimizle kutluyor, 2018 yılının Üniversitemize ve ülkemize; sağlık, mutluluk, barış, sıhhat ve başarı getirmesini diliyorum, hepinizi sevgiyle, saygıyla selamlıyorum.

Ailenizle, sevdiklerinizle, huzurlu,  
Prof. Dr. Musa YILDIZ

## Ankara'da Burslu öğrencilerle "Yurdunu Kaybeden Adam" kitabının değerlendirme toplantısı yapıldı

Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkiye'de yüksek lisans ve doktora eğitimlerine devam eden Kazakistanlı burslu öğrencilerle her ay düzenli olarak gerçekleştirilen kitap okuma değerlendirme toplantısına katıldı.

Gazi Üniversitesi Öğretim Üyesi Doç. Dr. İhsan Kalenderoğlu'nun koordinatörlüğünde devam eden toplantının bu ayki konusu, Cengiz Dağcı'nın "Yurdunu Kaybeden Adam"



romanı oldu.

Kazakistanlı burslu öğrenciler, Kazakistan Büyükelçiliği tarafından Kazakistan'ın 16 Aralık Bağımsızlık Günü'ne ithafen düzenlenen Voleybol Turnuvasında 1. olarak kazandıkları kupayı Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız'a takdim ettiler.

Prof. Dr. Musa Yıldız öğrencilere yaptığı konuşmada, eğitimlerini kısa sürede tamamlayıp atayurda dönmelerini ve orada bir an önce hizmet etmeleri gerektiğini vurgulayarak, iyi bir eğitim aldıkları için ülkelerinde daha iyi başarılarla imza atacaklarını, Başkanlık olarak her türlü desteği imkânlar dâhilinde vereceklerini belirtti. Toplantı öğrencilerin sorularının ardından sona erdi.

## СЫРЛЫ СҰХБАТ



Оқу ордамыздың мәдениет орталығында мерекелік концерттік бағдарламадан бастап дыбыс жазатын, әнші, бишілерді дайындайтын продюсерлік орталық жұмыс жасайды. Студенттер бос уақыттарында осында түрлі үйірмелерге қатысады. Продюсерлік орталықтың директоры, ҚР мәдениет қайраткері, сазгер Әлімбаев Ботақараевпен сұхбаттасқан едік, назарларыңызға ұсынамыз.

әнші студенттеріміздің кештерін өткізіп тұрамыз. Университеттегі мәдени іс-шараның өтуіне атсалысып, басы-қасында боламыз. «Елді танытатын спорт пен өнер» демекші оқу орнымыздың атын шығарып, елге таныту мақсатында өнерлі жастармен жұмыс жүргізудеміз. Сахнаның сыртында жүріп соғыстан жауынгер деген атымыз да бар - дейді Әлімбаев (күліп).

**- Сіздің әндеріңізді белгілі әншілер орындап жүр. Осы сізге Астана, Алматы секілді өнер ортасына кету туралы ой келмеді ме?**

- Осы сұрақты маған жиі қояды. Менің жаным шәкірт тәрбиелеу жақын. Солардың жетістіктерін көргенде шын ниетіммен қуанып, тілектес болып отырамын. Өнердегі қарындасым А.Жорабаеваның орындауында «Көктем» әні, Назира Бердалының сөзіне жазған «Өзіңмен егіз жүрегім»

өнері, айтыс, дизайнер (киім үлгілері), суретшілер, қол өнершілер, көркем сөз оқу, би сайысы. Алдағы ақпан айында 18-ші рет өткелі отыр. Осы оқу жылынан бастап әншілерімізге жанды дауыста орындайсыңдар деп талап қойдық. Осыдан кейін-ақ іріктеліп даусы барлар қалды. Фонограммамен айтатындар өздері-ақ сытылып шығып кетуде. «Дарын» байқауынан бастау алған шәкірттерім, қазір елге танымал әншілер. Университет түлегі Б.Сәрсенхан оқуға жаңа қабылданған кезі. Маған келіп «Мылқау қыз» деген өлеңін оқып берді. Өлеңдерінде шынайылық басым, жалтақтау жоқ. Тыңдарманның жүрегің жаулап алады. Батырханды сахнаға тартып, сайыстарға қатыстырдық. Бірнеше өлеңдеріне ән жаздым. Міне қазір елге аты шыға бастады. «Бұлақ көрсең көзін аш» деген нақыл сөз менің ұстанымым десем болады.

иегері, Халықаралық «Шабыт-2010» фестивалінің лауреаты Біржан Сапарбеков.

25 жыл ішінде университет өнерпаздары еліміздің түкпір-түкпірінде өнер көрсетіп бірнеше елдерде концерттік бағдарламамен өз өнерлерін паш етіп жүр. Мысалы: Түркия республикасының Анкара, Стамбул, Қайсері, Сивас, Кападокия, Кібіріс, Кония, Елазық, Анталия, Мұғла, Польша республикасының Варшава, Краков қалаларында, Түркіменстан республикасында өнерлерін көрсетіп жүрген ұжымның жетекшісі Әлімбаев 90-ға тарта әннің авторы.

Сазгердің «Бабалар рухы» әні қазақтың рухын көтеретін әуен. Тыңдап отырып көз алдыға қазақтың жазиралы кең даласында желіп бара жатқан сәйгүліктер елестейді. Бұл әннің құдіреті. Ақындарға шабыт беретін сұлулық, орта,

## ҚАРА ӨЛЕҢНЕН ШАБЫТ АЛҒАН САЗГЕР



- Әлімбаев, жақында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі Е.Сағадиевтің Алағыс хатымен марапатталдыңыз және «Наурыз-думан» әні үшін табысталған «ТҮРКСОЙ ұйымының үздік әні» сертификатыңызбен құттықтаймыз! Түркі әлемінің 23 мемлекетінің өкілдері қатысқан дүбірлі Наурыз тойы «Наурыз-думан» әнінің бізбен ашылды. Осы ән қалай туды?

- Биылғы 2017 жылы Түркістан қаласы үшін ерекше жыл болды. Қаламызға түркі әлемінің астанасы статусы берілген соң Оңтүстік Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы «Түркістан мәдени астана» атты әнге байқау жариялады. Байқаудың шарты бойынша түркі халықтарының бірлігі салт-дәстүрі, тарихы қамтылуы керек болатын. Әлібек Шегебайдың сөзіне жазылған «Наурыз-думан» әнім іріктеуден өтіп, мақұлданды. Биылғы Түркі әлемінен жиналған дүбірлі Наурыз тойы Оңтүстік Қазақстан облыстық опера және балет театры мен облыстық филармонияның 10 әншісі мен хорының орындауында осы әнмен ашылды. Бұл әннің ішінде 23 түркі мемлекетінің аты аталады. ТҮРКСОЙ ұйымының салтанатты жабылауы да осы әнмен жабылды.

**- Продюсерлік орталықтың атқаратын қызметі қандай?**

-2007 жылы оқу орнымыздың басшылығы өнерді қолдап, продюсерлік орталықты құрды. Биыл орталықтың ашылғанына 10 жыл толады. Басқа еліміздің жоғары оқу орындарында продюсерлік орталық бар дегенді естіген де, көрген де емеспін. Бұл өнерге деген қамқорлық. Орталықта студия, эстрадалық ән айту үйірмесі, көңілді тапқырлар клубы, би үйірмесі, концертмейстрлері жұмыс жасауда. Жақында түркі дүниесі жастарының «Мюзика» театры ашылағалы отыр. Түркі халықтарының драматургиясынан қойылымдар қоюды жоспарлаудамыз. Орталығымыз өнерлі жастарға бағыт-бағдар беріп, байқауларға қатыстыру жұмыстарымен айналысады. Ақын,



басқа да бірнеше ән бар. «СМС» әнін Талғат Жорабаев орындайды. Ақжол Мейірбековтың орындауындағы «Қайран жастық шақ» әнінің де авторымын. Б.Бимағанбетовтың сөзіне жазылған «Жас жұбайлар» әні ең көп орындалатын әнім десем артық айтпаған болар едім. Түркістанда отырып-ақ әндерім үкен сахналарда орындалып жүр, осыған шүкіршілік етемін.

**- Ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелген жаным жақын дедіңіз. Осыған тоқтала кетсеңіз?**

- Шымкент қаласына «Ынта» деген байқауға мені қазылар алқасы етіп шақырды. Сол жерде отырып, неге осындай байқау өткізбеске деген ой келді. «Дарын» жобасы осылай өмірге келді. 2001 жылы алғашқы «Дарын» байқауын өткіздік. Бұл байқау дарындыларды даралайтын дара жол болып қалыптасты. Осы байқауда кім топ жарып шығады, сол жастарды баптаймыз, байқауларға салып, жастарды шыңдаймыз. Солай өнердің даңғыл жолына түсуіне көмек көрсетіп отырамыз. Дарын алғашында тек әншілік байқауы еді. Қазір студенттеріміз өнердің 10 жанрынан сайысқа түседі. Олар: эстрадалық ән орындау, түбі бір түркі әні, жұптық жүргізушілер, дәстүрлі ән

Осы жылдар аралығында көптеген қалаалық, облыстық, республикалық, халықаралық өнер байқауларына шәкірттерін қатыстырып жүзделі орындарда көрініп жүрген және 17 жылдық тарихы бар «Дарын» фестивалінің авторы және ұйытқысы болып келеді. Байқаудың елегінен өткен өнерлі жастар қазіргі таңда қазақ эстрадасында өзіндік орны бар белгілі тұлғалар. Атап айтар болсақ Республикалық «Арай-2002» ең үздік әнші, «Жасқанат-2005» бас жүлде, Халықаралық «Шабыт-2005» бас жүлде, Атырау қаласындағы ЮНЕСКО шешімімен өткен ақын ақын Махамбет Өтемісұлының атындағы байқаудың бас жүлдегері, Шаңқайда өткен Шаңқай жүлдыздары байқауының лауреаты, қазіргі таңдағы эстрада жұлдызы Нұржан Қалжан. Халықаралық «Азия дауысының» аясында өтетін қазақ әндері байқауының «Алтын домбыра» иегері «Ұлан» квартеті. Республикалық «Арай-2004» Халықаралық Атырау қаласындағы ЮНЕСКО шешімімен өткен ақын ақын Махамбет Өтемісұлының атындағы байқаудың бас жүлдегері дәстүрлі әнші Кенжегүл Серікбаева. Республикалық «Арай-2004» ән байқаудың бас жүлдегері «Дарын» квартеті. Республикалық «Арай-2010» ән байқаудың I-ші орын

оқыс көріністер екені баршамызға аян. Ал Әлімбаев шабытты көбіне ақындардың өлеңдерінен алады. Мәтінді оқып отырғанда ойға ой салатын мәтін адамның құлағына әуезді де құятын қасиеті бар. Оны есту әркімнің несібесіне берілмеген. Жастайының әкесі Түгелбайдың өлеңдері мен ақынның үйіне ат басын жиі бұратын ақын-жыршыларды тыңдап өскеннен болар, лирикаға толы Әлімбаевтың әндері туған жерге, елге, жастарға, махаббат туралы сыр шертеді. Атап айтар болсақ ХҚТУ жастарының гимні, «Бабалар рухы», «Көктем», «Жас жұбайлар», «Жаныс батыр», ОҚО гимні «Оң» әні. Оңтүстік Қазақстан футбол және спорт гимні, «Түркістан мәдени астана» атты әні, «Сағынып жүрмін», «Сүйіліш батыр», «Түркістан», «Қайтадан бір сәт жолықтыр», «Анама сағыныш», «Әже», «Апау», «Күміс жүзік», «Кеш қалма», «Іздеме», «Жан жарым», «Асылым», «Сарыағаш», «Самға», «Толағу», «Елім-ай», «СМС», «Өзің мен егіз жүрегім», «Өмір», «Махаббатым», «Сен бар деп», «Қайран жастық», «Көк көйлек», «Періште қыз», «Кешегі түн», «Әдемі қыз» тәрізді көптеген әндердің авторы.

Қазіргі таңда бұл әндерді ән әлемінде Алтынай Жорабаева, Ақжол Мейірбеков, Нұржан Қалжан, Асыл Жандаулет, Ғалым-Хан, Біржан Сапарбеков, Өмірқұл Айниязов, Талғат Жорабаев, Зайыр Бегалы, Анель Мұсабекова, Опера және балет театрының әншілері: Ерлан Жандарбай, Оразкүл Дәулетова, Мөлдір Мұратбекова және «Шаншар» эзисық театры, «Наз» дуэті, «Бегім-ай» триосы, «Гәкку» дуэті, «Достар», ВИА «Маэстро», «Самұрық» «Семсер», «Асу», «Пэрте» тәрізді танымал топтар орындап жүр.

Сазгерге шығармашылық табыс тілей отырып, қазақ көгінде қалықтайтын әуезді әндеріңіз көп болсын демекпіз.

**Сұхбаттасқан:**  
**Эльмира АРТЫҚБАЕВА**

## МӘДЕНИЕТ / ӨНЕР

# ЖҮМАҚ ТӨРІ СЕКІЛДІ ЖАНҒА ЖАҚҚАН

Гүлназ ФАЙЗУЛЛА



«Жаңа қазақ ақындары антологиясы» атты өзімнің аудармадағы кітаптың тұсауы кесілді. Поэзия деген – білгенге тәтті бір әлем, дегендей кітаптың тұсауын дәл сол жарық көрген кітап бейнесіндегі тәтті нанмен (торт) кестік. Кеш барысында Қазақстаннан барған ақындар осы кітапқа еңбегі сіңген әзірбайжандық бауырларға Қазақстанның Спорт және Мәдениет министрлігінің арнайы марапат, алғыс хаттарын және ұлттық нақыштағы сыйсыпаттарын тарту етті. Кешкі ас дастарханы сол қаладағы «Тұран» мейрамханасында жайылды. Дастархан басында Дүниежүзілік Жас Түркі Жазушылары Одағының төрағасы Акбер Қошалы мырза қазақ ақындарын алғыс хатпен марапаттап, әдеби-тарихи кітаптар сыйлады.

Тағы бір күн «Бакуден түркі әлеміне» бағдарламасы бойынша жиналған түркі жас ақындары мемлекеттік теле-радио

Н. Назарбаевтың көрегенді саясатымен құрылған университетіміз Түркі дүниесі жастарының ортақ білім ордасына айналғандығына көзім жетті. Әзірбайжан елінің көрнекті тұлғалары, зиялы қауымы, білім адамдары түгел дерлік біздің университетімізді мақтанышпен сипаттағанда, елге деген сағынышым мақтанышпен ұштасып жатты. Әр ақынға тартқан сыйлықтарынан бөлек, институт директоры академик Иса Хабибейли мырза университетіміздің кітапхана қорына да арнайы кітап аманат етті.

Кезекті іс-шаралардың бірінде Баку Мемлекеттік Педагогикалық Университетінде болдық. Университет ректорымен қазақ ақындары Алмас Асқарбекұлы, Дәулеткерей Капұлы, қырғыз ақыны Бекболат Сарыбаев және мен аудармашы-ақын ретінде жеке сұқбат жүргіздік. Сол кездесу соңында университеттің

Ақындардың жылы лебізін, әзірбайжан бауырларына деген ыстық ықыласын тыңдаған депутат Жаваншир Фейзиев ұлт өкілі, халық қалаулысы ретінде әрқашан түркі халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығы үшін еңбек етеріне сөз берді.

Осындай ресми кездесулер, ықыласты жүздесулер, ыстық лебіздер біздерге рух берді. Ең бастысы сұлулығы келіскен Баку жайдарлы жандармен жүздестірді. Ұлттық болмыс жақсы сақталған. Ең айта кетерлігі, Кеңес Одағынан егемен ел боп шыққан әзірбайжан бауырларымыз ана тіліне аса мән берген екен. Орта жастан кейінгі жастар орыс тілінен мүлдем бейхабар, тек Кеңес Үкіметінің салқынында жетілген аға буындар ғана орысша сауаттылық көрсеткенімен, бүгінгі таңда ресми болсын, бейресми болсын қарым-қатынас тілі ана тілінде екені бізді таңқалдырды.

Екінші бір бізді сүйсіндірген құбылыс, әр қалада «Поэзия үйі» деген орталықтары жұмыс жасайды. Ол орталық халықтың рухани дамуына үлкен үлес қосары сөзсіз. Ұлттық рухани құндылықтар осылай тәжірибеде дәріптелген кезде ғана шынайы нәтиже мен жемісті еңбектер жүзеге асарын ішіміз сезеді.

Түркиядағы бауырларымыз сияқты, өздері өмір сүріп отырған керемет табиғат бай ата-бабасы тарту еткен туған жерлері шынында аттың күшімен, найзаның ұшымен жәдігер боп жеткенін мойындайтын әзірбайжандық бауырларымыз да жылық етін жемейді екен. Олардың осы отан болып, ұлт болып, адам болып жасауындағы басты негіз аттың жігері мен күдіретіне балағандығының өзі үлкен ұлтжандылықтың таза көрінісі десек болады.

Қысқасы, бұл сапарым мен үшін рухани азық, рухани серпіліс болды. Әзірбайжандық бауырларымыздың ыстық ықыласынан бөлек, қазақтың жаңа буын талантты, жалынды жас ақындарымен бір «кемеде» жүзудің өзі мен үшін сөз жетпес бақыт болды. Олардың жырларын өз ауыздарынан тыңдап, ақындардың кіп-кішкентай кеудесіне соншалық ұлттық рухтың сыйып жатқаны таңқалдырмай қоймады. Адами ерекшеліктері, төккен жырларының жалыны маған әлемді басқа жағынан да тануыма мүмкіндік берді.



орталығында болып, «Каспий» газетінің құрушысы, ақын, зейнеткер журналист Сола Валиевамен кездестім. Әзірбайжанның атақты ақыны Сола Валиева жас ақындарға табыс тілеп, өзінің жыр кітабы мен өлеңдеріне жазылған әндерінің ұнтаспасын тарту етті. Бұл шарадан кейінгі кездесу Баку қаласындағы Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясы жанындағы Низами атындағы Әдебиет институтында жалғасын тапты. Институт директоры академик Иса Хабибейли мырза түркі әлемінің рухани-әдеби жаңғыруындағы сабақтастық жөнінде керемет ойларды ортаға салып, түркі халықтарының әдебиетінде ортақ тұлғалар мен олардың нақыл сөздерінен дайындалған бейнелі фильмдерді көпшілік назарына ұсынды. Қатысушы әр ақынға кездесу соңында әдеби және тарихи тақырыптардағы кітаптарды тарту етті. Сол ортада менің университетім Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің алатын орнын байқап, шын жүрегіммен қуанып қайттым. Елбасымыз

үлкен залында түркі жас ақындарының «Жыр кеші» өтті. Қатысушы әр ақын өз ана тілінде жалынды жырларын оқыды. Мен өз мамандығыма сәйкес келгендіктен, жаңадан жарық көріп отырған «Жаңа қазақ ақындары антологиясы» кітабына енген әзірбайжан тіліндегі «Мен ғой – ол!» лирикалық өлеңімді көпшілік жастарға түсінікті болсын деп оқыдым. Осы жыр кешінен кейін Халықаралық жастарды қолдау ұйымының орталығында дастарқан ұйымдастырылды. Бұл кешке парламент депутаты Ганира Пашаева да қатысты. Кеш қонақтарына ұлттық сыйсыпаттарын ұсынса, ұйым дирекциясы арнайы кітаптарды тарту етті.

Фестивальдің бесінші күні Парламент депутаты Жаваншир Фейзиев қазақ жас ақындарын Парламент үйінде қабылдады.

### БЕКҰЛАН ЖОЛДЫҚОЖА:

## «АЛДАҒЫ ЖОСПАР - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КТК ҚҰРАМАСЫН ЖАСАУ»

Университетіміздің Тәрбие және мәдени істер департаментіне қарасты Продюсерлік орталықтың КТК үйірмесінің жетекшісі Бекұлан Жолдықожамен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз!

**- Сәлеметсіз бе, Бекұлан аға! Университетімізде продюсерлік орталықтың бар екені баршамызға белгілі. Осы продюсерлік орталықтың қызметі қандай?**

- Продюсерлік орталық университетіміздің мәдениет орталығында болатын барлық іс-шараларды, жобаларды, мерекелік концерттер мен жиналыстарды ұйымдастырады. Бұл - тікелей біздің мойнымызға жүктелетін іс. Продюсерлік орталықтың директоры, композитор Әлімбай Ботақараев және орталық жетекшісі, сахна режиссері Асылзат Ибраева бастаған ұжымның еңбегі ерекше көрінетін шаралардың бірі - әрине, концерттік бағдарламалар. 30 минуттан 1 жарым сағатқа дейінгі концерттік бағдарламаларды жоғары дәрежеде ұйымдастырып, көрермен назарына ұсынамыз.

**-Продюсерлік орталық студенттерге қандай қолдау көрсетеді?**

-Жалпы, университетімізде продюсерлік орталықтың болуының өзі - үлкен қолдау. Себебі, Қазақстанда ешқандай университетте продюсерлік орталық жоқ, тек біздің университетте бар.

Ал, көзге көрінетін қолдаулар жайлы айтсақ, белсенді студенттерге жатақханасын тегін алып беру, оқу ақысын 50%-ға жеңілдету секілді көмектер көрсетіліп, орталық асханада тегін тамақтануға талон беріледі.

**-Продюсерлік орталықта тәрбиеленіп жатқан студенттер жайлы не айтасыз?**

-Продюсерлік орталық директоры - Әлімбай Ботақараев - бүкіл Қазақстанға белгілі композитор. Жақында ғана орталық жетекшісі Асылзат Ибраевамен бірге Түркия елінің Кайсери қаласына концерт беріп келді. Меніңше, осындай ұстаздардан тәлім алған шәкірттер өте мықты болуы керек!

**-Продюсерлік орталықта тәлім алған танымал шәкірттерден кімді айта аласыз?**

-ОҚО танымал «Пэртэ», «Асу», «Семсер» секілді топтар ақырындап Қазақстанға да танылып келе жатыр. Әр топтың қоржынында жеке бейнебаяндары бар.

Продюсерлік орталықтың шәкірттері Досхан Төлеген - республикалық «Арай» байқауының финалисті, «Алаш үміті» байқауының 1-орын иегері. Домбырашы Нұрдаулет Қасымбек - «Ақберен» конкурсының лауреаты, Халықаралық «Жас өнер» конкурсының бас жүлде иегері, 46 республикалық конкурстар лауреаты.

**-Сіздің Жайдарманшы екендігіңізді жақсы білеміз. Аталмыш салада жеткен жетістіктеріңіз жайлы айта өтсеңіз...**

-Мен өзім осы университеттің Журналистика мамандығын бітірдім. Жайдарманды студент кезден ойнадым. «ХҚТУ тарифі» - 2013 жылы премьер - лиганың финалына жеткен құрама болдық.

**-Қазіргі таңда Жайдарман ойнап жүрсіз бе?**

-Ия, қазір қызметкер ретінде ойнап жүрміз. Қазіргі кездегі жетістіктерімізді айтар болсам, Қазақстан Жайдарман лигасының 1/4 финалына жеткен кезіміз болды.

**-Телевизиялық жобаларға жатпайтын ойындарыңыз туралы не айтасыз?**

-Шымкент, Талдықорған секілді үлкен қалалардың

әкімшілігі ұйымдастырған ойындарға қатысып, 2 рет Шымкент облысы әкімінің кубогінде «Ең үздік ойыншы» атағын, Созақ ауданының әкімінің кубогінде бас жүлдені жеңіп алдық.

**-Енді алдағы жоспарларыңыз қандай?**

-Алда жоспар көп, соның бірі - өзіміздің халықаралық университеттен халықаралық құрама шығару. Университетімізде түрік, әзірбайжан, түркімен, якут, т.б. түрлі ұлт өкілдері білім алуға. Осы бауырларымыздың басын қосып, бір құрама жасау ойда бар.

**-Университетте Жайдарман ойындары қаншалықты жиі болып тұрады?**

-Продюсерлік орталық, КТК үйірмесінің ұйымдастыруымен Жайдарман сайыстары өтіп тұрады. Маусымнан бөлек Ректор кубогі ойнатылып, халықаралық әйелдер күніне арналған ойын ұйымдастырылады.

**-Сұхбатыңыз үшін көп рахмет! Сізге шығармашылық табыс, сәттілік тілейміз!**

Сұхбаттасқан: Назерке Аубакирова,  
1-курс студенті

